«Ұлттық аспаптарды құрастыру: Домбыра мен жетіген»

Пәні: Еңбекке баулу

Мақсаты: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, қол еңбегі және құрастыру дағдыларын дамыту, ұлттық музыкалық аспаптардың құрылымын зерттеу арқылы инженерлік ойлау, кеңістіктік түсінік және модельдеу қабілеттерін қалыптастыру. Домбыра мен жетігенді құрастыру барысында өлшеу, жобалау, материалдарды тиімді пайдалану дағдыларын жетілдіріп, ұлттық мәдени мұраға құрмет сезімін STEM білім беру бағытында қалыптастыру.

Міндеттері:

- Домбыра мен жетіген ұлттық аспаптарының құрылысы, жасалу ерекшеліктері және мәдени маңызы туралы түсінік қалыптастыру;
- Қағаз, картон, жіп және басқа да материалдармен жұмыс жасау арқылы құрастыру, модельдеу және технологиялық дағдыларды дамыту;
- Қиып-жапсыру, өлшеу және құрастыру әрекеттері арқылы ұсақ мотрикаңы, дәлдік пен шығармашылық қабілеттерді жетілдіру;
- Топтық жұмыс барысында өзара ынтымақтастыққа, пікір алмасуға және бірлесіп шығармашылық шешім қабылдауға тәрбиелеу;
- Ұлттық өнерге қызығушылықтарын арттыру, мәдени мұраны құрметтеуге тәрбиелеу және STEM бағытындағы (жобалау, құрастыру, шығармашылық ойлау) дағдыларын дамыту.

Қажетті құралдар: Қатты картон, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім, сызғыш, қарындаш, маркерлер, ұлттық ою-өрнек үлгілері, жіп (ішектерін жасау үшін), тапсырма парағы.

Тапсырма барысы

Мұғалім оқушыларға домбыра мен жетіген аспаптарының шығу тарихы, құрылысы және ұлттық мәдениеттегі маңызы туралы мәлімет береді. Оқушылар екі топқа бөлініп, бір топ домбыраны, екінші топ жетігенді құрастырады. Олар аспаптардың бөліктерін қағазға сызып, қиып алып, қатты картонға жапсырады. Кейін жіпті пайдаланып, аспаптардың ішектерін жасап, үлгілерін толықтырады. Дайын жұмыстарын ұлттық ою-өрнектермен безендіріп, сынып алдында таныстырады.

Мұғалімнің іс-әрекеті

Мұғалім тапсырманың мақсаты мен орындалу ретін түсіндіреді, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалайды және оқушыларға бағыт-бағдар береді. Құрастыру барысында қағаз, картон және жіппен жұмыс істеу

тәсілдерін көрсетеді. Оқушылардың шығармашылық белсенділігін қолдап, топтық жұмысты ұйымдастырады. Тапсырма соңында кері байланыс жүргізіп, оқушылардың жұмыстарын бағалайды.

Оқушының іс-әрекеті

Оқушылар домбыра мен жетігеннің құрылысымен танысып, өздері таңдаған аспаптың бөліктерін қағазға сызады және қиып алады. Бөлшектерді қатты картонға жапсырып, жіп арқылы ішектерін жасап, аспаптың моделін құрастырады. Ұлттық ою-өрнектермен безендіріп, топпен бірлесіп жұмыс жасайды. Дайын жұмыстарын қорғап, аспаптардың ерекшеліктері туралы өз ойларын ортаға салады.

Қорытынды

«Ұлттық аспаптарды құрастыру: Домбыра мен жетіген» тапсырмасы оқушылардың қол еңбегі дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін және эстетикалық талғамын дамытуға мүмкіндік береді. Жіптен ішек жасау арқылы оқушылардың ұсақ моторикасы жетіліп, практикалық жұмыс тәжірибесі қалыптасады. Сонымен қатар, ұлттық музыкалық мұраға деген қызығушылықтары артып, ұлттық өнерді құрметтеу және топпен жұмыс жасау дағдылары дамиды.





ҰЛТТЫҚ АСПАП – ДОМБЫРА ЖАСАУ КЕЗЕҢДЕРІ

1 Үлгісін салу



2 Қиып алу



3 Бөлшектерін дайындау



4 Жабыстыру



5 Ішекке жіп дайындау



6 Жіпті ішек ретінде бекіту



7 Ою-өрнекпен безендіру



8 Дайын домбыра



ҰЛТТЫҚ АСПАП – ЖЕТІГЕН ЖАСАУ КЕЗЕҢДЕРІ

1 Үлгісін салу



Жетігеннің үлгісін картонға сызамыз.

2 Қиып алу



Сызылған бөліктерді қайшымен қиып аламыз.

3 Тесіктерін жасау



Ішектер өтетін тесіктерді қаламмен немесе тескіщпен жасаймыз.

4 Бояу және ою-өрнек салу



Бояп, ұлттық ою-өрнектерді саламыз.

5 Жіпті (ішек) дайындау



Жіпті (ішек) өлшеп, қажетті ұзындықта қиамыз.

6 Ішекті өткізу



Жіпті тесіктерден өткізіп, ішек ретінде тартамыз.

7 Ішекті бекіту



Жіптің ұштарын мықтап байлап бекітеміз немесе желіммен жабыстырамыз.

8 Дайын жетіген



Жетігеніміз дайын!
Ғажап ұлттық аспабымыз дайын болды.